

Зеленов ауданы Көшім ауылдық округінің Өркен ауылы аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Көшім ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 14 наурыздағы № 17 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 наурызда № 5100 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Зеленов аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылдың 9 ақпандағы № 1-24-94 ұсынысы негізінде, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Зеленов ауданы Көшім ауылдық округі Өркен ауылы аумағында мүйізді ірі қара малынан бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Көшім ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2017 жылдың 14 шілдедегі № 41 "Зеленов ауданы Көшім ауылдық округінің Өркен ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4860 болып тіркелген, 2017 жылдың 20 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Көшім ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Д.Б.Асанғалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Е.Сидағалиев